

ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯ

Соттағы әлеуметтік психология 1-бөлім

5-тарау. Әлеуметтік психология





Дәрістің мақсаты: Оқырмандардың соттағы әлеуметтік психология туралы ойларын қалыптастыру.

Жоспар:

1. Куәлардың айғақтары;
2. Дұрыс емес ақпараттың әсері;
3. Қателердің ықтималдығын қалай азайтуға болады?
4. Сот шешімдеріне әсер етудің басқа да көздері.

Куәгерлердің сөздеріне қаншалықты сенуге болады?

Кейде куәгерлердің айғақтарының ықпалы шынайы, бірақ абстрактілі ақпараттан әлдеқайда күштірек болуы мүмкін. «Өз көзіммен көрдім!» деген сөз даулы мәселені түйіндеп жататыны бәрімізге белгілі.

Психолог Элизавет Лофтус оқиғаны көзбен көрген куә айғақтарына сот назар аудармаса да, өзі осыған сенетінін айтып, нақты дәлелдер келтірген. Ол студенттерге кісі өлтіруге ұласқан тонау оқиғасын көрсетіп, бірақ куәгерлердің болмағанын, тек жанама дәлелдер ғана бар екенін айтқан кезде, студенттердің 18%-ы ғана күдіктіні кінәлі деп дауыс берген. Келесі бір топ студентке дәл осы оқиғаны бір куәгердің айғағымен бірге көрсеткен. Бұл кезде куәгердің айғағына сеніп, кінәлі деп тапқандар көбірек болып, 72%-ы дауыс береді. Ал, үшінші топқа адвокаттың куәгердің айғағын теріске шығарғанын айтқан. Адвокаттың теріске шығаруы айғақтың құндылығына ықпал ете алды деп ойлайсыз ба? Жоқ: бұл жай студенттердің 68%-ының шешімін өзгерте алмапты. Одан кейінгі эксперименттер теріске шығарудың үкімге сәл де болса ықпалы болатынын көрсеткен. Бірақ ол келесі бір куәгердің айғағына қайшы келмеуі тиіс, себебі куәгердің сенімді түрде берген айғағының алқабидің пікіріне ықпалы күшті болатыны анықталған.

Сонда алқабилер жалған айғақтарды ажырата алмайтын болғаны ма? Бұған көз жеткізу үшін ғалымдар куәгерлердің көз алдында болған калькулятор ұрлау оқиғасының жүздеген көрінісін ұйымдастырыпты. Сосын куәгерлердің әрқайсысынан суреттен ұрыны көрсетуді сұраған. Алқабилер орнында отырған адамдар куәгерлердің жауаптары мен айғақтарын тыңдаған. Ендеше, алқабилер жалған айғақ берген куәге қарағанда шынайы айғақ берген куәге азырақ сенім білдірді деп ойлайсыз ба? Куәгерлердің мұндай екі түріне де 80% жағдайда бірдей сенім білдірілген екен. Нәтижесінде ғалымдар:

«Адам бейкүнә адамға қатысты жалған айғақ берген куәні ажыратуға қабілетсіз» деген қорытындыға келген. Ендігі бір тәжірибелерде алқабилер оқиғаның маңызды емес, ұсақ-түйегіне назар аудармаған куәгерлердің сөздеріне, олар дұрыс куәлік беріп тұрса да, күмәнмен қараған. Олар, адам бөлмеде үш сурет ілініп тұрғанын байқаса, демек, ұрының келбетіне де жіті назар аударып қараған деп ойлаған. Ал, шындығында, айналасындағы нәрселерге жіті назар аударған адам ұрының бет-жүзіне көңіл бөлмеуі әбден мүмкін еді.

Куәгердің көргенінің бәріне сене беруге болмайды

Демек куәгерлердің айғақтары дұрыс емес болуы мүмкін деген сөз бе? Куәгерлердің қате айғақтарының кесірінен жылдар бойы түрмеде отыруға мәжбүр болған бейкүнә жандар туралы хикаялар өте көп. ДНК дәлелдемелерінің негізінде күшін жойған алғашқы 250 үкімнің 76%-ы куәгерлердің қате айғақтарының ықпалымен шығарылғаны мәлім болған.

Куәгерлердің оқиға туралы айғақтарын дәл бағалау үшін біз, алдымен олардың «дұрыс» және «бұрыс» жақтарына көз жеткізуге тиіспіз. Ғалымдардың ондай ақпаратты жинауының бір жолы эксперимент барысында сондай қылмысты жасап, сосын куәгерлердің айғақтарын салыстыру еді. Мұндай эксперимент өткен ғасырда Еуропада сан мәрте жүргізіліп, кейде



тіпті көңіл құлазытарлық нәтиже берген. Мысалы, Хейвард қаласындағы Калифорния штаты университетінің профессорына жасалған «қарақшылыққа» 141 студент куә болған. Арада жеті апта өткенде Роберт Бакхут сол студенттерден алты сурет ішінен «қарақшыны» тануды сұраған кезде, 60%-ы қателесіпті. Себебі, қылмысты көзбен көрген адамның кейде көргенінен жаңылысып жататыны таң қаларлық жайт емес. Кейінгі зерттеулер куәгерлердің өзінің көзімен көргенінен гөрі, ойына көбірек сенетінін көрсеткен.

Біздің жадымыз бейнетаспа емес десек, жадымыз бен естеліктерімізде қателесудің болуы – заңдылық. «Бейненің өзгеруі» атты эксперименттегі қатысушылардың бөлмеге кірген адам мен бөлмеден шыққан басқа адамды шатастырып алғаны қателесудің себептерін түсіндіріп отыр. Күдіктінің суретін бір рет көрген адам келесі жолы сол суретті басқа суретпен қатар көрсетсе» қателеспей тануға қабілетті екен. Бірақ Вики Брюс адамның сол суреттегі көзқарастың, бет-әлпетінің және жарық түсірген кездегі өзгешеліктерін «тану қабілеті төмен» екеніне көзі жеткенде таң қалыпты, яғни біздің естеліктеріміз ішінара сол кезде көргенімізге, ішінара елестеткенімізге, сеніміміз бен пайымымызға негізделеді.

Жалған ақпараттың әсері

Жалған ақпаратты қолдан жасауға бола ма? Элизабет Лофтус пен әріптестері Вашингтон университетінде жүргізген озық тәжірибелерінің бірінде студенттерге автокөліктің жаяу жүргіншіні қағып кеткені жайлы 30 суреттен тұратын слайдты көрсетіп шыққан. Слайдта «Датсун» автокөлігі «Тоқта» немесе «Жол бер» белгісінде тоқтап тұрған бір сурет болыпты. Соңында ғалымдар сұрақтарының арасында студенттердің бір бөлігіне: «Датсун» «Тоқта» белгісінде тұрғанда басқа көлікке жол беріп тұрды ма?» – деген сұрақ қойған. Сонан соң студенттердің қалған бөлігіне де дәл осы сұрақты, бірақ «Тоқта» белгісі деген сөздің орнына «Жол бер» белгісі деген сөзді қойған. Соңында студенттерге 2-суреттегі екі слайдты да көрсетіп, алғашында қайсысын көргендерін сұраған.

Жол белгісін ауыстырмай сұрағандардың 75%-ы сұраққа дұрыс жауап беріпті. Ал жол белгісін ауыстырып сұрағандардың 41%-ы ғана сұраққа дұрыс жауап бере алған, яғни олар көргендерін емес, ешқашан көрмеген, бірақ сұрақ қойылған кезде «еске сақтағандарын» естеріне түсірген.

Тағы бір ойландыратын жайт – бұрмаланған естеліктің дәл шынайы естелік сияқты көрінетіні. Расында, ол шынайы естелік сияқты сенімді көрінуі мүмкін.

Қайта әңгімелеу

Қайта әңгімелеу адамды оның естелігі дұрыс болса да, бұрмаланған болса да, сенуге итермелейді. Адамның алғашында дұрыс әңгімелеуі кейін сол сөздерінен жаңылыспауына мүмкіндік береді. Ал басында қателескен адам сол әңгімесін қайталаған сайын, уақыт өте келе өтірігіне өзі де сене бастайды. Тәжірибелердің бірінде эксперимент түрінде ұйымдастырылған ұрлыққа куә болған адамдар шынайы куәлік бергеннен гөрі, сұраққа қалай жауап беру керек екеніне көбірек көңіл бөлген екен. Нәтижесінде жаттанды жауаптар сенімдірек естіліп, соның негізінде сот та кінәсіз адамды соттауға бейімділік танытқан.

Біз көбіне тыңдаушының көңілінен шығу үшін сөзімізге өзгеріс енгізіп жатамыз. Сонымен қатар енгізген өзгерістерімізге өзіміздің де сеніп қалатын кезіміз болады. Мәселен, екі адамның арасындағы даудың соңы төбелеске ұласып, нәтижесінде біреуі жарақат алған оқиғаны елестетіңіз. Сосын жәбірленген адам сотқа берді делік. Сот отырысы алдында тараптардың бірінің адвокаты сізге сұрақ қояды. Сөзіңізге адвокаттың клиентіне қолдау көрсететіндей өзгеріс енгізер ме едіңіз? Ал егер енгізген болсаңыз, сот отырысында да дәл солай айтсыз ба? Психологтар Блэр Шеппард пен Нил Видмар осы екі сұраққа да «иә» деп жауап берген. Бұл екі психолог Батыс Онтарио университетінде бірнеше студент – төбелестің



куәсі, тағы бірнешеуі адвокат пен сот рөлінде болған эксперимент жүргізіпті. Эксперимент барысында айыпталушылардың адвокаттары алдын ала куәгерлермен әңгімелескеннен кейін, куәгерлер сот отырысында айыпталушыларға қолдау білдіретіндей айғақ берген. Келесі бір экспериментте куәгерлер маңызды айғақтарына өзгеріс енгізбеген; тек айыпталушылар мен жәбірленушілерге қатысты сұрақтар қойылған кезде, әрқайсысына қатысты жауаптарында дауыстары өзгергені байқалған. Тіпті соның өзі де естіген адамның пікіріне ықпал етуге жеткілікті болған, яғни куәгердің мәлімдемесіне жетелеуші сұрақтар ғана емес, сондай-ақ тыңдаушыға әсер қалдырғысы келген әңгімелеу тәсілі де әсер ететіні анықталған.

Куәгерлермен кері байланыс

Қылмыстың куәгері қылмыскерді тану барысында айтқан сөздері:

«Құдайым-ау... Не айтарымды білмеймін... Осы екеуінің біреуі... Бірақ нақтысын айта алмаймын... О, мына кісі... Екінші нөмірлі адамнан ұзынырақ болған... Осы екеуінің біреуі, бірақ нақты айта алмаймын... ». Бірнеше айдан кейін сот отырысында: «Екінші нөмірлі адам екеніне сенімдісіз бе? Мүмкін ол емес шығар?»

Куәгердің жауабы: «Күмәнім жоқ... Нық сенімдімін», – деп жауап берген.

Куәгердің бастапқыда сенімсіздік танытуының соңы бұрмалануға әкеліп соғуына не ықпал етеді? Бұны Гэри Уэллс пен Эми Брэдфилд зерттеген. Зерттеу нәтижесі куәгердің өз жауабына сенімді болуына төмендегі нәрселер әсер ететінін көрсеткен:

- а) екінші бір куәгердің де осы адамды көрсеткенін байқауы;
- ә) бір сұрақтың бірнеше рет қойылуы және
- б) беттесуге алдын ала дайындалу.

Демек тергеуші куәгердің сұхбат барысында берген жауаптарын растауы куәгердің сенімділігін арттырғанымен қатар, есте қалған оқиғасына да әсер ете алады ма? Осы сұраққа жауап іздеген Уэллс пен Брэдфилд екі бірдей эксперимент жүргізіп, Айова штаты университетінің 352 студентіне дүкендегі қауіпсіздік бейнекамерасының жазбасынан бейтаныс адамның дүкенге кіргенін көрсетеді. Сәлден соң әлгі адам камераға түспейтін жерде дүкен күзетшісін өлтіріп кеткен екен. Сосын студенттерге бұл іске қатысы жоқ әйгілі қылмыскерлердің суреттерін көрсетіп, күдіктіні көрсетуді сұраған. Нәтижесінде 352 студенттің бәрі басқа адамдарды көрсетіп, бірақ ғалымдар олардың біразының жауаптарын растап, енді біразынікін терістеп, үшіншілеріне еш жауап бермеген. Кейін студенттердің бәріне: «Суреттегі адамды таныған кезде оның бейнежазбадағы қарулы қылмыскер екеніне қаншалықты сенімді болдың?» – деген сұрақ қойған.

Эксперименттің қорытындысында таңғаларлық екі нәрсе болды: біріншісі, ғалымдардың эксперимент барысындағы сөздерінің ықпалы күшті болған. Яғни жауабы расталған студенттердің 58%-ы сенімділіктерін 6–7 балмен бағалаған. Бұл ғалымдар жауап бермеген студенттердің арасында сенімділіктерін дәл осылай бағалаған 14%-ының жауабынан 4 есе, ал жауаптары терістелген студенттердің арасында сенімділіктерін дәл осылай бағалаған 5%-ының жауабынан 11 есе үлкен көрсеткіш еді.

Айғақтағы қатені азайту

Аталмыш қателерді ескере отырып, куәгердің айғақтары мен соттың үкіміндегі дәлдікті сақтау үшін қандай шаралар қолданылғаны жөн? АҚШ-тың Әділет министрлігі «Куәгерден жауап алу барысында заң актілерін тәжірибеде қолданудың ережелерін» құрастыру үшін ғалымдар, прокурорлар мен құқықтық атқару жүйесі органдарының қызметкерлерінен тұратын комиссия құрған. Бұл комиссияның жұмыс нәтижесіндегі жасаған ұсыныстары осыған дейін Канадада құрылып, куәгерлердің күдіктіні тану процесін зерттеген жұмыс тобының нәтижесіне ұқсас болыпты. Комиссия жұмыс нәтижесінде мынадай ұсыныстар жасаған:



- а) полиция тергеушілерін арнайы оқыту және
- ә) қылмысты тергеу барысында куәгерлерге қатаң бақылау орнату қажет; «Сот ғылымының шешімі» куәгердің қылмыс оқиғасына есінде қалған жайларды бұрмалауына жол бермеуге бағытталған.

Тергеушілерді арнайы дайындау

Рональд Фишер мен әріптестері Флорида штатының полиция детективтерінің куәгерлерден жауап алған кездегі таспаны тыңдағанда, белгілі бір заңдылықты байқаған. Жауап алуды ашық сұрақтан бастаған тергеушілер уақыт өте келе куәгердің сөзін бөліп, қысқа да, нұсқа жауапты талап ететін сұрақтар қойып отырған.

Куәгерден жауап алу барысында, заң актілерін тәжірибеде қолданудың ережелерінде тергеуші, алдымен куәгердің шынайы айғақтарын тыңдап алу қажет екені жазылған, яғни тергеуші куәгерге оқиғаның барысын өз бетінше егжей-тегжейлі есіне түсіруге көмектесе алғанда ғана айғақ толық болады делінген. Куәгер оқиғаны көз алдына елестетіп, сол сәтте не ойлағанын және не сезінгенін толық есіне түсіргені жөн. Тіпті оқиға орнының, мысалы, тоналған дүкенде сатушының тұрған орнының суретін көрсеткеннің өзі оқиғаны толық есіне түсіруге көмектесе алады. Куәгер оқиғаны асықпай есіне түсіріп әңгімелеп болған соң ғана, тергеуші оған оқиғаны нақтылайтын сұрақтар қоюы қажет. Осындай жалпылама сұрақтар ұсақ-түйек ерекшеліктерге байланысты қойылып, оны ойлау барысында басқа нәрселерді ұмытып қалуға әкеліп соғатын сұрақтарға қарағанда, әлдеқайда тиімдірек болады. Нәтижесінде жауап алу әдісіне машықтанған, арнайы оқытылған детективтер жауап алған кезде куәгерлердің айғақтарының бұрмалануы 25–50%-ға төмендегені байқалған. Осыған байланысты 46 зерттеу жұмысының нәтижелеріне талдау жасалғанда, осындай «когнитив жауап алу» оқиғаның егжей-тегжейін еске түсіріп, шынайылығын бұрмаламайтынын көрсеткен. Нәтижесінде АҚШ пен Ұлыбританияның көптеген полиция агенттіктері когнитив жауап алу әдісін пайдалануға көшкен.

Тану процесіндегі қатені азайту

Танудағы қателікті азайтудың тағы бір жолы – куәгерге нағыз қылмыскер бұл қатарда болмауы да мүмкін екенін алдын ала ескерту. Бұл әдіс куәгерлердің қателесуін 45%-ға төмендеткені анықталған. Сол сияқты куәгердің қателескенін білу үшін алдымен қылмыстық іске қатысы жоқ адамдардың суреттерін көрсетіп, солардың ішінен қылмыскерді тануын сұрауға да болады. Мұндай жағдайда куәгер қылмыскерді қате көрсетпеуі әбден мүмкін.

Еуропада, Солтүстік Америкада, Австралия мен Оңтүстік Африкада жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде куәгерлердің тануға қатысушыларды кезек-кезек қарап шыққан кездегі «осы» деген жауабы әлдеқайда дұрыс болатыны анықталған. Себебі, бірнеше адамның қатар тұруы куәгердің сырт болмысы қылмыскерге көбірек ұқсайтын адамды көрсетуіне жиі себеп болады. Сондай-ақ бірінші көрген адамды қылмыскер деп таныған куәгерлердің жауабы, егер оған барлығы неше адамды көретінін алдын ала айтпаса, әлдеқайда дұрысырақ болады. Бұл тану процесін жақсы тәжірибелердің бірі деп санауға болады. Мұндай процесс бақылаумен жүргізіледі. Оны психология теориясынан бейхабар адам жүргізеді. Қойылатын сұрақтар алдын ала жазылған және бейтарап сұрақтар болып, нақты жауапты талап етпейді және куәгердің тану нәтижесін сот отырысына дейін айтуға тыйым салынады. Сот отырысына дейін айтпау куәгердің бойындағы алдын ала сенімді болуға табиғи бейімділігін төмендетеді. Мұндай процесті компьютердің көмегімен де ойдағыдай жүргізуге болады.

Алқабилерді арнайы оқыту

Куәгерлердің жауабын сараптауды арнайы үйренген алқабилердің үкімдері орынды келеді. Сондай-ақ прокурорлар мен алқабилер тану процесін топпен өткізуге өтінішке рұқсат берерде, жоғарыдағы факторлардың маңызының жоғары екенін мойындап отыр.



Жүздеген эксперимент жүргізген әлеуметтік психологтар куәгерлердің айғақтарының дәлдігіне олардың пайымдау жолдары мен есте сақтау қабілеті сияқты көптеген факторлардың әсері бар екенін байқаған.

Куәгер жалған ақпарат алған кезде, сол ақпаратқа кәміл сеніп, оның дұрыстығына күмән келтірмеуі мүмкін. Ол оқиғаны ретімен бірнеше рет қайталап айту барысында бұрмалап алса, онысына өзі де сеніп қалуы мүмкін. Ондай бұрмалануға жол бермеу үшін тергеуші алдымен куәгердің оқиғаны баяндауына кедергі келтірмей тыңдап, оқиғаны көз алдына елестетуіне көмектесіп, оқиға кезіндегі эмоциялық көңіл күйін біліп алуы керек.

Алқабилердің шешіміне тағы қандай факторлардың ықпалы бар? Айыпталушының тартымдылығы мен сырт келбетінің алқабиге ұқсастығының оның үкімінің ықпалына және алқабилердің соттың нұсқауына қаншалықты көңіл бөлетініне назар аударайық.

Айыпталушының мінездемесі

Әйгілі заңгер Кларенс Дэрроудің айтуынша, алқабидің өзіне ұнаған айыпталушыны соттауы, ұнамаған айыпталушыны ақтап шығаруы сирек болатын жағдай екен. Оның пікірінше, адвокаттың басты мақсаты алқабиге айыпталушының арман-тілегін жеткізе білу. Бұл сөзбен келісесіз бе? Сондай-ақ Дэрроудің «Қылмысқа қатысты деректер шын мәнінде онша маңызды емес» деген сөзіне қалай қарайсыз? Ол әсірелеп айтыпты. 3500 қылмыстық іс пен 4000 азаматтық істі қарастырған зерттеу жұмыстарының бірі – алқабилер әр бес істің төртеуінде соттың шешімімен келіскенін анықтаған. Бұл істерде екі жақ та қателесуі мүмкін болса да, алқабилердің шешімнің бұрмалануына жол бермей, айғақтарға басым көңіл бөліп, шешімімен келісуіне дәйектер жеткілікті болыпты. Демек, айғақтың маңызына шек келтіруге болмайды.

Дегенмен бәрі айғаққа байланысты деуге де болмайды, яғни айғақты хабарлап отырған адамның шынайы және тартымды болып көрінуінің де маңызы зор. Сол сияқты, сот отырысында айыпталушының мәртебесі неғұрлым жоғары болған сайын, жеңілдік алу мүмкіндігі де соғұрлым көбірек болады.

Айыпталушының сырт келбетінің тартымдылығы

Сырт келбеттің тартымдылығы стереотипіне сәйкес көрікті адам жақсы адам болып көрінеді. Майкл Эфран осы стереотиптің студенттердің алаяқтық қылмысы бойынша айыпталған адамға қатысты пікіріне қаншалықты ықпалы болатынын білгісі келген. Ол Торонто университетінің студенттеріне «Көріктіліктің кінәлілік болжамына әсері болуы мүмкін бе?» деген сұрақ қойған. Студенттер «Жоқ, әсері болуы мүмкін емес» деп жауап берген. Ал нәтижесі қалай болды екен? Әсері болыпты. Эфран басқа бір студенттер тобына қылмыстық іс туралы әңгімелеп беріп, көрікті және көріксіз күдіктілердің суреттерін көрсеткенде, студенттер көрікті адамның кінәлілігіне күмән келтіріп, жеңілрек жаза ұсынған. Тағы бір эксперименттің нәтижесі дәлел жеткіліксіз болған кезде, күдіктінің сырт келбетінің тартымдылығы маңызды рөлге ие болатынын көрсеткен.

Бет-әлпеті аңғал балаға ұқсас, мысалы, көздері үлкен, дөңгелек, еріндері жұқа ересектерді аңқау адам ретінде сипаттап, қасақана жасалған қылмыстан гөрі, байқаусызда жасалған қылмысқа кінәлі деп пайымдаған. Сондай-ақ тартымсыз адамдарды қатігез, көбіне жыныстық қылмысқа бейім деп сипаттапты.

Айыпталушының алқабиге ұқсастығы

Кларенс Дэрроу айыпталушының сотқа ұнау-ұнамауының соттың шешіміне әсері болатыны жайлы ішінара дұрыс айтты десек, соттың шешіміне әсер ететін басқа да факторлардың маңызды екенін мойындағанмыз жөн. Олардың бірі – ұқсастық ұнатуға әкеледі деген қағида.



Алқабилер қатарында отырған адамға айыпталушының көзқарасының, дінінің, нәсілінің немесе жынысының ұқсастығы әсер етеді. Алқабилер әдетте нәсілдік кемсітушілікке бармаса да, өзге нәсіл өкілдеріне ауырлау жаза тағайындауға бейім болады. Мысалды қарастырайық.

Австралиялық студенттерге ұрлық жасаған күдіктінің оңшыл немесе солшыл саяси партияның мүшесі екенін айтқан. Сонда күдіктімен саяси көзқарасы ұқсас студенттер күдіктіге мейлінше жеңілірек жаза тағайындапты. Адвокаттың «Мәртебелі мырза, қарсылық білдіремін!» дегенінен кейін сот қарсылықты қабылдап, алқабилерге прокурордың жетелеуші сұрақтарына немесе куәгердің айғағына назар аудармау қажет екенін ескертетіні – бәрімізге таныс көрініс. Мұндай ескертудің қаншалықты әсері бар? Қазіргі кезде Америка Құрама Штаттарының бүкіл дерлік штаттарында жәбірленушінің қылмысқа дейінгі жыныстық белсенділігіне қатысты айғақтарды талқылауға тыйым салатын немесе шектейтін «жыныстық тиіспеушілік» туралы құқықтық нормалар бар. Себебі, ондай айғақ қылмыстық іске тікелей қатысты болмаса да, әйел зорлаған айыпталушының «жыныстық қатынасқа әйелдің келісімімен бардым» деген сөзіне сенім білдіруге әкеліп соғады екен. Ал егер айыпталушының қорғаушысы осындай сенуге тұрарлық, бірақ заңсыз немесе бұрмаланған айғақты қолданған болса, соттың ол айғаққа назар аудармау қажет деген нұсқауын алқабилер орындар ма еді? Сондай-ақ соттың «мәселе айыпталушының бізге ұнағаны-ұнамағанында емес, оның қылмысты жасағаны-жасамағанында» деген ескертуі жеткілікті ме? Жеткіліксіз сияқты. Бұл салада жүргізілген бірнеше эксперимент қорытындысы алқабилердің бұл тәртіпті сақтауға тырысатынын, бірақ айыпталушының бұған дейінгі сотталғандығы сияқты маңызды айғақтарға назар аудармауы қиынға соғатынын көрсеткен.

Мұндай жағдайдың әсіресе эмоциялық ақпаратқа қатысты маңызы аса зор. Алқабилердің айыпталушының жай ғана құқықтық айғақтарына немесе эмоциялық сипаты төмен айғақтарына қарағанда, эмоциялы сипаты жоғары айғақтарына назар аудармауы қиынырақ соғады екен. Тіпті алқабилер сол заңсыз алынған айғаққа көңіл бөлмедік дегеннің өзінде, ол айғақ кейінгі ақпараттарды сараптауына әсерін тигізбей қоймайды. Қабылдауға жарамсыз айғақтардың ықпалын азайту үшін соттар алқабилерге, мәселен, жыныстық тиіспеушілік қылмысындағы жәбірленушінің жыныстық қарым-қатынас тарихы сияқты айғақтардың кейбір түрінің маңызсыз екенін ескерте алады. Алқабилер мұндай айғақтардың нәтижесінде пікір қалыптастырып қойған жағдайда, соттың ескертуінің ықпалы төмен болады. Вики Смит айтқандай, сотқа дейінгі дайындық кезеңінің берер пайдасы мол. Оларға сот процедуралары мен дәлел стандарттарын арнайы оқыту, олардың сот процедураларын жете түсінуі мен іске қатысты барлық ақпаратты естімейінше үкім қабылдамауды үйренуін жетілдіреді.

Қосымша факторлар

Біз сот отырысындағы үш факторды қарастырдық, олар: куәгерлердің айғақтары, айыпталушының сипаты және соттың нұсқауы. Ғалымдар басқа да факторлардың ықпалын зерттеу үстінде. Мәселен, қандай да бір жаза түрі, мысалы, өлім жазасы олардың жазалау үкімін шығару ниетіне кедергі бола ала ма? Тәжірибелі алқабидің үкімінің жас алқабидің үкімінен айырмашылығы бола ма? Жәбірленуші тартымды болса немесе оған ауырырақ зақым келсе, айыпталушының қаталырақ жаза алуы мүмкін бе? Жүргізілген зерттеулер бұл сұрақтардың үшеуіне де «иә» деген жауап тапқан. Эксперименттердің нәтижесінде алқабилердің үкіміне жәбірленушінің жүріс-тұрысы, тіпті олар ол адамды бұрын-соңды білмесе де, ықпал ететінін көрсетіп отыр.

Қорытынды

Іске қатысты айғақтардың сенімділік деңгейі жоғары болса, алқабилер алдын ала қалыптасқан пікірлерін өзгертіп, әділ үкім шығара алады. Алайда айғақтар нақты болмаған кезде, олар деректерді өз тұжырымына сай пайымдап, сырт келбеті тартымды немесе өздеріне



Кітап: Әлеуметтік психология
Тарау: 5. Әлеуметтік психология
Дәріс: 22. Соттағы әлеуметтік психология. 1-бөлім

ұқсайтын айыпталушыға іштей жақтасады. Алқабилер сотқа дейінгі ақпараттың ықпалына ұшыраса немесе рұқсат етілмеген айғақтарға тап болса, соттың нұсқауына көңіл бөле ме, бөлмей ме? Эксперимент түріндегі соттарда олар әдетте соттың нұсқауына құлақ асқан, бірақ пікір қалыптастырып қойғаннан кейінгі ескертуді көбіне орындамаған.